

**ӘЛЕУМЕТТІК КӘСІПКЕРЛІК АУЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫҢ  
БАЛАМА ТҮРІ РЕТІНДЕ**

**SOCIAL ENTREPRENEURSHIP AS ALTERNATIVE FORM OF EMPLOYMENT  
IN RURAL AREAS**

**СОЦИАЛЬНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО КАК АЛЬТЕРНАТИВНАЯ ФОРМА  
ЗАНЯТОСТИ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ**

***Н.Е. АБДИЛЬДИНОВА\****

*Ph.D докторы*

*Астана халықаралық университеті, Қазақстан, Астана*

*\*автордың электрондық поштасы: [nailya\\_abdildinova@mail.ru](mailto:nailya_abdildinova@mail.ru)*

***N.E. ABDILDINOVA\****

*Ph.D*

*Astana International University, Kazakhstan, Astana*

*\*corresponding author e-mail: [nailya\\_abdildinova@mail.ru](mailto:nailya_abdildinova@mail.ru)*

***Н.Е. АБДИЛЬДИНОВА\****

*доктор Ph.D*

*Международный университет Астана, Казахстан, Астана*

*\*электронная почта автора: [nailya\\_abdildinova@mail.ru](mailto:nailya_abdildinova@mail.ru)*

---

Аңдатпа. Ауылдық еңбек нарығы үшін жұмыс күшіне сұраныс пен ұсыныстың ерекше сипатын, олардың арасындағы теңгерімсіздікті, кәсіптік даярлықтың төмен деңгейін, инновацияларға жоғары дайындықтың жоқтығын, еңбек ресурстарының жетіспеушілігін атап өткен жөн. Осыған байланысты ауыл тұрғындарының жұмыспен қамтылуын арттыратын әлеуметтік кәсіпкерліктің баламалы нысанын қарастыруға болады. *Мақсаты* - білім беру, денсаулық сақтау және мәдени демалыс мүмкіндіктеріне қол жеткізу, ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік дағдыларын тарату, олардың өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі қамтамасыз етуін арттыру арқылы ауылдық жерлерде халықтың өмір сүру сапасын жақсартудың оңтайлы нұсқасы ретінде корпоративтік әлеуметтік жауапкершілікті дамытудың маңызды аспектілерін көрсету. Әлеуметтік кәсіпкерлер жергілікті ресурстарды пайдаланады және ауылшаруашылық өнімдеріне, қолөнер тауарларына, туристік қызметтерге жаңа нарықтар жасайды. *Әдістері* - статистикалық-экономикалық, ғылыми талдау, салыстыру. Зерттеу отандық және шетелдік ғылыми жарияланымдардан алынған ақпаратты, Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының статистикалық деректерін талдауға негізделген. *Нәтижелері* - автор демографиялық үрдістердің көрсеткіштерін және соңғы бес жылдағы елдегі және ауылдық жерлердегі жұмыспен қамтуға еңбек әлеуетінің жай-күйінің әсерін, оның ішінде ауылдық аумақтардағы жұмыспен қамту мен жұмыссыздықтың ағымдағы жай-күйін және әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған кәсіпкерлік белсенділік негізінде әлеуметтік-кәсіпкерлік қызмет спектрін кеңейтуді ұсынады. Әлеуметтік кәсіпкерлік келесі негізгі белгілермен ерекшеленеді: инновация, өзін-өзі қамтамасыз ету және қаржылық тұрақтылық, кәсіпкерлік тәсіл. *Қорытындылар* - автор шаруашылық жүргізуші субъектілердің инвестициялық бастамасын ынталандыратын, ауылдық өңірлерде әлеуметтік және экономикалық қауіпсіздікті, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттыратын ұсыныстар береді.

Annotation. For rural labor market, it should be noted the specific nature of the demand and supply of labor, imbalance between them, low level of professional training, lack of high degree of readiness for innovation, and lack of labor resources. In this regard, we can consider an alternative form of social entrepreneurship that increases employment of the rural population. *The goal* is to show the most important aspects of development of corporate social responsibility as the best option for improving the quality of life of the population in rural areas through access to education, healthcare and cultural leisure opportunities, disseminating the entrepreneurial skills of



Ауылдық жерлерде кездесетін заманауи сын-қатерлер олардың экономикасы мен әлеуметтік саласының дамуы мен тұрақтылығына инновациялық тәсілдерді талап етеді. Бұл тұрғыда әлеуметтік кәсіпкерлік жұмыспен қамту мәселесін шешіп қана қоймай, әлеуметтік интеграцияға және ауылдық аумақтардың тұрақты дамуына ықпал ететін маңызды құрал болып табылады.

Табиғи байлығына қарамастан, ауылдық жерлер көбінесе халықтың кету проблемасына және экономикалық мүмкіндіктердің жетіспеушілігіне тап болады. Нәтижесінде жастар жұмыс пен өмір сүру сапасын жақсарту үшін қалаларға кетеді, бұл одан әрі кедейленуге және ауылдық қауымдастықтардың әлеуетін жоғалтуға әкеледі. Алайда, әлеуметтік кәсіпкерлік бұл динамиканы жергілікті қоғамдастықтың қажеттіліктері мен ресурстарына негізделген жаңа жұмыс орындарын құру арқылы өзгерте алады.

Ауылдық жерлерде әлеуметтік кәсіпкерлік тек экономикалық өсуді ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік әл-ауқатты қамтамасыз ете отырып, осы аумақтардың тұрақты дамуының кілті бола алады. Осыған орай соңғы жылдары әлеуметтік кәсіпкерліктің дамуы еліміздің экономикасында да, әлеуметтік саласында да маңызды рөл атқара бастады. Әлеуметтік кәсіпкерлік-азаматтар мен қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге ықпал ететін, қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған кәсіпкерлік қызмет (Никулина И.Ю.) [2].

Соңғы жылдары әлеуметтік кәсіпкерлік жұмыс орындарын құру және ауылдық жерлерде тұрақты дамуды қолдау құралы ретінде танымал бола бастады. Сондықтан да әлеуметтік кәсіпкерлікті баламалы жұмыспен қамтуды экономикалық белсенді ауыл тұрғындарын ауыл шаруашылығы емес экономикалық қызмет түрлерімен жұмыспен қамту ретінде анықтауға, сонымен қатар өмір сүру сапасын жақсартуға және осы қауымдастықтардағы әлеуметтік ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

#### **Әдебиетке шолу**

Әлеуметтік кәсіпкерлер мен әлеуметтік кәсіпорындар ғалымдардың назарын көбірек аударуда. Олар әдетте, шеттетілген, маргиналданған және өздері бұл жағдайды өзгертуге қабілетсіз халықтың сегменттерінің жағдайын жақсарту үшін бизнестің жаңа бағытын және кәсіпкерлік жолмен қолданатын жеке тұлғалар мен ұйымдар ретінде қарастырады. Saebi T., Foss N.J., Linder S. [3] зерттеулерінде әлеуметтік

кәсіпкерлікті кедейлікке қарсы тұрудың қуатты механизмі ретінде анықтаған.

Al Aponte M., Alvarez M., Lobato M. [4] өз еңбектерінде, әлеуметтік кәсіпкерлік-инновация, технология, мемлекеттік саясат, қауымдастықтарды дамыту, әлеуметтік қозғалыстар және коммерциялық емес ұйымдар сияқты әртүрлі секторларды қамтитын қарқынды дамып келе жатқан сала деп қарастырған.

Әлеуметтік кәсіпкерліктің негізгі мақсаттарын (Bradac Hojnik B., Crnogaj K.) [5] кедейлік пен сауатсыздықты азайту, қоғамның әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын арттыру, әлеуметтік әділетсіздікті жеңу, болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтайды деп қарастырған.

Gupta P., Chauhan S., Paul J. et al. [6] зерттеулерінде әлеуметтік кәсіпкерлік кедейлік пен адамдардың әл-ауқаты сияқты бірқатар мәселелер мен әлеуметтік мүдделерді ескере отырып әртүрлі фирмаларды бизнес жүргізуге итермелейді делінген. Әлеуметтік кәсіпкерлік әлеуметтік өзгерістердің катализаторы болып табылады және әлеуметтік кәсіпкерлер өздерінің әлеуметтік бастамаларынан тікелей ақшалай пайда күтпейді (Barberá-Tomás D., Castelló I., Frank G.A. de Bakker et al.) [7].

Әлеуметтік кәсіпкерлік – кәсіпкерлік қызметтің белсенді дамып келе жатқан түрлерінің бірі. Nesterenko Yu.N., Plyukhina A.A. [8] пікірінше әлеуметтік бағыттағы кәсіпорындар әлеуметтік мәселелерді шешу арқылы халықтың әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын жақсартуға тырысады.

Қазақстандық ғалымдар тарапынан осы тақырыпта жазған еңбектерінің ішінде (Притворова Т.П., Гелашвили Н.Н., Спанова Б.К.) [9] әлеуметтік кәсіпкерлік соңғы бірнеше жылда ғана қызығушылық таныта бастады. Әлеуметтік кәсіпкерлік бұл әлеуметтік миссиясы бар және тұрақты нарықтық кірісі болуы мүмкін коммерциялық емес ұйымдар, сондай-ақ мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелері шеңберінде әлеуметтік қызмет көрсететін немесе мүмкіндігі шектеулі жұмысшыларды жалдайтын коммерциялық ұйымдар.

Бүгінгі таңда Қазақстандағы әлеуметтік кәсіпкерлікті реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт ҚР Кәсіпкерлік Кодексі болып табылады. Кодекстің 79-1-бабына сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің азаматтар мен қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуге ықпал ететін, осы Кодекстің 79-3-бабында көзделген шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын кәсіпкерлік қызметі әлеуметтік кәсіпкерлік болып та-

былады (Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы...) [10].

#### Материалдары мен әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізін қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбек нарығына, ауылдық жерлердің дамуына, елімізде болып жатқан демографиялық үрдістердің және еңбек нарығының жағдайына, оның ішінде ауылдық жерлерде жұмыспен қамтылуға және жұмыссыздыққа, сонымен қатар әлеуметтік кәсіпкерлікке байланысты еңбектері мен зерттеулерін құрады.

Ақпараттық база ретінде ҚР нормативтік құқықтық актілер, Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының статистикалық деректері, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың веб-сайттарындағы жарияланымдар мен басқа да ашық ақпарат көздері пайдаланылды. Сонымен қатар, автор зерттеу барысында статистикалық-экономикалық, ғылыми талдау және салыстыру әдістерін қолданды.

Еңбек нарығын ауылдық жерлерде қалыптастыру ауыл шаруашылық жұмыстарының маусымдық сипатына және климаттық жағдайларға байланысты еңбекке қабілетті халықтың ұзақ уақыт жұмыс істеуіне байланысты жұмыссыздықтың артуына ықпал етеді. Сондай-ақ кейбір

аймақтардағы климаттық жағдайларға байланысты еңбекке қабілетті халықтың ұзақ тоқтау кезеңі 6-7 айды құрайды. Бұл жұмыс іздеу үшін халықтың қалаларға көші-қонының белсенді дамуына әкеледі, өйткені маусымдық жалдамалы қызметтерге негізделген ауыл шаруашылық жұмыстары қысқа мерзімге жасалады.

#### Нәтижелер

Ауылдық жерлерде еңбек нарығының қалыптасуы мен дамуы қаламен салыстырғанда баяу жүреді. Бұл процесс жұмыспен қамтудың бұрынғы проблемаларының күшеюімен және ауылдық жерлерге тән күрделі экономикалық жағдайлармен түсіндірілетін жаңаларының пайда болуымен қатар жүреді (Булхаирова Ж.С., Саймагамбетова Г.А., Таскинбайқызы Ж.) [11].

Ондағы жұмыспен қамтылу мен жұмыссыздықтың өзіндік ерекшеліктері ол тек аграрлық өндірістің маусымдық сипатына ғана емес, сонымен қатар бірқатар басқа факторларға байланысты, мысалы, жаңа бизнесті ұйымдастыруға қажетті капиталдың, жаңа кәсіпті оқытуға қажетті қаражаттың болмауы және т.б. Сондай-ақ еліміздегі болып жатқан демографиялық процестер де еңбек ресурстарының санына және еңбек нарығындағы жағдайға да айтарлықтай әсер етеді (1 кесте).

1 кесте – ҚР халық саны, мың адам

Көрсеткіш	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2023/ 2022,%
Халық саны, барлығы	18 631 779	1 879 552	19 503 159	19 766 807	20 033 842	101,4
- қала халқы	10 938 652	11 151 376	11 991 238	12 209 896	12 451 192	102,0
- ауыл халқы	7 693 127	7 728 176	7 511 921	7 556 911	7 582 650	100,3
Халық үлесі, (%) оның ішінде:						
- қала халқы	58,7	59,1	61,5	61,8	62,2	100,6
- ауыл халқы	41,3	40,9	38,5	38,2	37,8	99,0
Табиғи өсім, барлығы	269 182	265 491	264 088	270 370	257 742	95,3
- қала халқы	157 924	149 132	146 421	158 530	150 104	94,7
- ауыл халқы	111 258	116 359	117 667	111 840	107 638	96,2
Көші-қон айырымы, барлығы	-32 970	-17 718	-21 217	-6 722	9 293	138,2
- қала халқы	40 445	63 592	56 055	60 128	91 192	1,5 есе
- ауыл халқы	-73 415	-81 310	-77 272	-66 850	-81 899	122,5
Ескерту: (Қазақстанның демографиялық жылнамалығы: стат. жинақ...) [12]						

Талданып отырған кезеңде халық саны соңғы 5 жылда (2019-2023) 266,7 мың адамға өскен, бірақ 2019 жылы 2022 жылмен салыстырғанда ауыл халқының үлесі жалпы халық санынан 41,3%-дан 37,8%-ға азая бастағанын байқаймыз. Аталған ке-

зеңдерде жұмыссыздық пен ауыл тұрғындарының көші-қонына байланысты қала халқының үлесі де артып келеді.

Ауыл халқының санының өсуіне алып келетін тұрақты туу көрсеткішіне қарамастан, ауылдық аумақтардан көші-қон

ағындарының ұлғаю үрдісінің сақталуы байқалады. 2023 жылы көші-қонның теріс сальдосы 81,8 мың адам болды (бұл көрсеткіш 2021 жылы – 79,1 мың адамды, ал 2022 жылы – 66,8 мың адамды құраған). Атап айтқанда ауыл халқының ең көп кетуі Түркістан (-19,8 мың адам), Жамбыл (-10,5мың адам), Жетісу (-6,1 мың адам), Абай (-5,8 мың адам), Ақмола (-5,2 мың адам), Қостанай (-5,0 мың адам) облыстарында байқалады.

Статистикалық мәліметтерге жүгінсек халықтың көші-қоны ауылдық жерден кетуінің артуы байқалады. Экономикалық белсенді халықтың ішкі көші-қоны ауылдық аймақтардан экономикалық жағдайы жақсы қалалар мен өңірлерге белсенді қоныс аударуымен, сондай-ақ, жұмысқа орналасу және әл-ауқатты арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер іздейтін жалақының жоғары деңгейімен сипатталады. Төмендегі 2 кестеде жұмыс күшінің жағдайы көрсетілген.

2 кесте – 2019-2022 жылдар аралығындағы жұмыс күші, мың адам

Көрсеткіш	2019 ж.	2020 ж.	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж.	2023/ 2022,%
Жұмыс күші, барлығы	9 221 481	9 180 845	9 256 757	9 429 809	9 534 114	101,1
- қала халқы	5 390 826	5 412 235	5 491 740	5 783 295	5 903 634	102,1
- ауыл халқы	3 830 655	3 768 610	3 765 017	3 646 514	3 630 480	99,6
Жұмыспен қамтылған халық, барлығы	8 780 829	8 732 040	8 807 113	8 971 539	9 081 920	101,2
- қала халқы	5 132 060	5 144 496	5 222 749	5 499 101	5 624 526	102,3
- ауыл халқы	3 648 769	3 587 544	3 584 364	3 472 438	3 457 394	99,6
Жалдамалы қызметкерлер, барлығы	6 681 580	6 686 666	6 710 206	6 847 300	6 893 429	100,7
- қала халқы	4 312 365	4 315 376	4 340 370	4 537 334	4 606 099	101,5
- ауыл халқы	2 369 215	2 371 290	2 369 836	2 309 966	2 287 330	99,0
Өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер, барлығы	2 099 249	2 045 374	2 096 907	2 124 239	2 188 491	103,0
- қала халқы	819 695	829 120	882 379	961 767	1 018 427	105,9
- ауыл халқы	1 279 554	1 216 254	1 214 528	1 162 472	1 170 064	100,7
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар, барлығы	3 934 006	4 076 775	4 093 294	4 301 439	4 393 533	102,1
- қала халқы	2 411 532	2 481 813	2 513 702	2 740 236	2 822 469	103
- ауыл халқы	1 522 474	1 594 962	1 579 592	1 561 203	1 571 064	100,6
Жұмыссыз халық, барлығы	440 652	448 805	449 644	458 270	452 194	98,7
- қала халқы	258 766	267 739	268 991	284 194	279 108	98,2
- ауыл халқы	181 886	181 066	180 653	174 076	173 086	99,4
Жұмыссыздық, %	4,8	4,9	4,9	4,9	4,7	96
Ескерту: (Қазақстан Республикасында халықтың жұмыспен қамтылуы: стат. жинақ. Қазақстан Республикасы....) [13]						

Жалпы 2023 жылы еліміздің экономикасында жұмыспен қамтылғандар саны 9 081,9 мың адам болды, бұл жұмыс күші санындағы басым бөлігін (95,3%) құрайды, және 2019 жылғы жағдай бойынша ол 301,1 мың адамды (3,4%), ал өткен 2022 жылы 110,4 мың адамды (1,2%) құраған. Сөйкесінше ауыл халқының үлесіндегі жұмыспен қамтылған көрініс басқаша, яғни 2019 жылмен салыстырғанда 15 мың адамға (0,4%) кеміген. Бұл елдегі ауыл халық саны үлесінің азаюымен сипатталады.

2023 жылы жалдамалы жұмыспен 6 893,4 мың адам, бұл жалпы жұмыспен қамтылғандардан 76%-ын құрайды, оның ішінде қала халқын – 4 606,1 мың адамды (66,8%) құрады, ал ауыл халқындағы жал-

дамалы қызметкерлерге 2 287,3 мың адам (33,2%) кіреді. Қалалық және ауылдық жерлер арасында жұмыспен қамтудың демографиялық құрылымында әлі де айтарлықтай айырмашылықтар бар.

Жұмыспен қамтудың маңызды құрамдас бөлігі – бұл халықтың өзін-өзі жұмыспен қамтуы. Шаруа қожалықтары экономикалық белсенді халықтың жеке тобын құрады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша өз бетінше жұмыспен қамтылғандар саны 2 188,5 мың адам (24,1%) болды. Ауыл тұрғындары ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жалпы санының көп бөлігін құрайды, яғни оның үлесіне 1 170,1 мың адам (53,5%), ал қала халқының үлесіне 1 018,4 мың адам (46,5%) тиесілі

болды. Сонымен қатар ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылғандардың үлесі азайып келеді. Бұл көрсеткіш 2019 жылдан 2023 жылға дейін ауылдық жерлерде жұмыспен қамтылғандардың жалпы санының 5,2%-ға немесе 191,4 мың адамға азайған.

Еңбек нарығының маңызды индикаторы – жұмыссыздықтың саны 2023 жылғы 452,2 мың адамды құрады, бұл 2022 жылға қарағанда 6,1 мың адамға кеміген. Қалалық жерлердегі жұмыссыздардың жалпы саны 279,1 мың адам болса, ауылдық жерлерде 173,1 мың адамды құрады. Ауылдық жұмыссыздықтың негізінде еңбек жағдайларының нашарлауы және жалақының төмен деңгейі маңызды болып табылады. Ауылда жұмыс күші өзінің құндылығын жоғалтады, бұл ауылдық жұмыспен қамту жүйесін бұзады, яғни бұл өз кезегінде еңбек нарығының жұмысын өзгертуге алып келеді (Гиззатова А.И., Есенгалиева С.М., Чермухина О.В.) [14].

Ол үшін еңбек нарығын реттеудің төмендегідей әдістерін көрсетуге болады:


– аграрлық өңірлердің дамуына, оның ішінде өндірістік объектілер санының өсуіне және институционалдық ортаның дамуына ықпал ететін еңбек ресурстарын неғұрлым тиімді пайдалану үшін қажетті жағдайлар жасау;

– ауылдық жерлерде әлеуметтік саланы дамытудағы басымдық, яғни білім беру мен денсаулық сақтауға, әлеуметтік қорғауға және азық-түлікпен қамтамасыз етуге баса назар аударып отырып, ауыл халқының қажеттіліктеріне бағдарлану (Абдильдина Н.Е.) [15].

Ауыл тұрғындарын баламалы жұмыспен қамту үшін жағдайдың болмауы, ауыл шаруашылығындағы экономикалық өсу қарқынының баяулауы ауыл аумағының әлеуметтік мәселелердің шиеленісуіне алып келді. Сондықтан да, ауылдық жерлердегі әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған әлеуметтік кәсіпкерлікке ерекше рөл беру керек.

Қазіргі кезде әлеуметтік кәсіпкерлер қоғам мен бизнесте белсенді рөл атқарады, өйткені олар тәуекелдерге барып жаңа кәсіп түрін ашуға және дамытуға, жұмыс орындарын құруға, тәуелділіктен бас тарту мәдениетін құруға, әлеуметтік мәселелерді шешуге дайын (Бауэр М.Ш, Шуленбаева Ф.А., Темирова А.Б.) [16].

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2024 жылғы 1 ақпанындағы мәліметі бойынша реестрге тіркелген 261 ұйымнан тұратын әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімі жарияланды. Төменде аймақтар бойынша реестрге тіркелген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны көрсетілген (1 сурет).



Ескерту: («Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін...») [17]  
1 сурет – 2023 жылғы аймақтар бөлінісіндегі әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны


Реестрдің мәліметтері бойынша реестрге 2023 жылы тіркелген 261 әлеуметтік

кәсіпкерлік субъектілерінің 18 ұйымы (6,9%) ауылдық жерлерде орналасқан.

Тізімге енгізілген ұйымдардың қызмет салалары да өте алуан түрлі. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің ең көп саны білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету саласына тиесілі.

Егер 2022 жылғы тізілімде жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанында

тіркелген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері басым болса (ӘКС-нің 25-нің 13-і немесе 52%), онда 2024 жылғы тізімде ұйымдардың ең көп саны жеке кәсіпкерлер болып табылады (261 ӘКС-нің 110-ы немесе 42,1%) (2 сурет).



Ескерту: («Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін...») [17]

2 сурет – 2023 жылдағы әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің құрылымы

Қоғамдық бірлестіктер мен қорлардың саны да айтарлықтай өсті – 2022 жылғы 5-тен 2023 жылы 31%-ға дейін, олардың жалпы санындағы үлесі 2022 жылғы 20%-дан 2023 жылы 19%-ға дейін өсті. Сондай-ақ, 2024 жылы тізімде басқа заңды нысандары бар ұйымдар пайда болды: жеке мекеме, жеке қайырымдылық қоры, шаруа қожалығы, корпоративтік қор және дамыту орталығы.

Ал ауылдық жерлерде тіркелген әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің саны: жеке кәсіпкер – 13, ЖШС – 4, шаруа қожалығы – 1 құрайды. Оның ішінде мектепке дейін білім беру, жиһаз өндірісі, марал мүйіздері негізінде санаториялық емдеу және мәдениет саласындағы білім берумен айналысады.

Осыған байланысты, ауылдық елді мекендерді сақтау мен олардың тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартудың алғышарттарының бірі әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту болып табылады, яғни қоғам үшін әлеуметтік құндылықты да, экономикалық пайданы да тудырады (Bansal S., Garg I., Sharma G.D.) [18].

### Талқылау

Ауылдық жерлерде әлеуметтік кәсіпкерлік жұмыспен қамтып қана қоймай, жалпы қоғамның дамуына, әлеуметтік мәселелерді шешуге және тұрғындардың өмір сүру жағдайларын сақтауға ықпал ететін тиімді балама нысаны бола алады.

1. Жұмыс орындарын құру: ауылдық жерлерде әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту жаңа жұмыс орындарын құрып, жұмыспен қамту деңгейін арттыра алады. Бұл жергілікті тұрғындарға қосымша табыс көзін алуға, өмір сүру жағдайларын жақсартуға және ауылдық жерлерден қалаларға көші-қон ағынын азайтуға мүмкіндік береді. Алайда, ауылдық жерлерде әлеуметтік кәсіпкерлікті табысты дамыту үшін мемлекет және басқа да мүдделі құрылымдар тарапынан қолдау қажет.

Бұған қаржылық қамтамасыз ету, бизнес жүргізу бойынша оқыту және кеңес беру, әлеуметтік бизнес үшін арнайы бағдарламалар мен жеңілдіктер жасауды талап етеді. Бұл жаңа жұмыс орындарын құруға, ауылдық аумақтарды дамытуға және жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе инфрақұрылымы аз дамыған және жұмыс

орындарына қолжетімділігі шектеулі ауылдық жерлерде өте маңызды.

2. Ресурстарды тұрақты пайдалану: ауылдық жерлердегі әлеуметтік кәсіпкерлер көбінесе табиғи ресурстарды тұрақты пайдалануға назар аударады, бұл қоршаған ортаны сақтауға және экожүйеге әсерді азайтуға ықпал етуі мүмкін.

3. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту: ауылдық жерлердегі көптеген әлеуметтік кәсіпорындар әлеуметтік инфрақұрылымды, соның ішінде мектептерді, ауруханаларды және басқа мекемелерді жақсарту үшін жұмыс істейді, бұл халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға әкелуі мүмкін.

4. Жергілікті дәстүрлер мен қолөнерді қолдау: ауылдық жерлердегі әлеуметтік кәсіпкерлер жергілікті өнер және қолөнер бастамаларын ынталандыру арқылы дәстүрлер мен қолөнерді сақтауға көмектесе алады.

5. Нарықтарға қол жеткізуді қамтамасыз ету: ауыл шаруашылық әлеуметтік кәсіпорындары жергілікті фермерлер мен өндірушілерге нарықтарға қол жеткізудегі қиындықтарды жеңуге, олардың өмір сүруін қамтамасыз етуге және аймақтың экономикалық жағдайын жақсартуға көмектесе алады. Ауылдық жерлерде құрылған әлеуметтік кәсіпорындар жергілікті халықтың өмірін жақсартуға ықпал ететін әртүрлі қызметтер мен тауарларды ұсына алады. Яғни, бұл экологиялық таза өнімдер шығаратын кәсіпорындар, ауыл шаруашылық техникасын жөндеу және техникалық қызмет көрсету, туризм және қонақжайлылық, білім беру және медицина қызметтерін ұсыну.

### Қорытынды

1. Ауылдық жерлердегі әлеуметтік кәсіпкерліктің экономиканы өсірудің және әлеуметтік жағдайларды жақсартудың қуатты құралы болуға әлеуеті бар.

2. Осы зерттеуде көрсетілгендей, ауылдық жерлердегі әлеуметтік кәсіпкерлер жаңа жұмыс орындарын құруда, жұмыссыздық деңгейін төмендетуде және жергілікті халықтың өмір сүру сапасын жақсартуда шешуші рөл атқара алады.

3. Әлеуметтік мәселелерді шешуге және қоғамдастықтың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған кәсіпкерлік қызмет аймақтың тұрақты дамуын ынталандырады және оның ұзақ мерзімді негізде өркендеуіне ықпал етеді.

4. Сонымен қатар ауылдық жерлерде әлеуметтік кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың инновациялық тәсілдерін әзірлеуді жалғастыру қажет. Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, сондай-ақ ауылдық жерлердегі кәсіпкерлердің бір-

лескен күш-жігері арқылы ғана әлеуметтік кәсіпкерліктің толық әлеуетін іске асырып және өңірлердің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге елеулі үлес қоса алады.

**Мүдделер қақтығысы:** автор мүдделер қақтығысы жоқ деп мәлімдейді.

### Әдебиеттер тізімі

[1] Таспеннова, Г.А. Рынок труда Казахстана: проблемы, статистика/ Г.А Таспеннова, Ж.К. Малгараева // Известия НАН РК. – 2019. – №6. – С. 225-231.

[2] Никулина, И.Ю. Роль социального предпринимательства в социально-экономическом развитии территории / И.Ю. Никулина // Вестник экспертного совета.- 2018.- № 4 (15).-С.36-43.

[3] Saebi, T. Social Entrepreneurship Research: Past Achievements and Future Promise / T.Saebi, N.J Foss, S.Linder // Journal of Management .- 2019.- Vol. 45.- N. 1.- P. 70–95.

[4] Ал Апонте, М. Social Entrepreneurship and Economic Development: A Macro-Level Perspective / М. Ал Апонте, М. Alvarez, М. Lobato // Journal Social Business.- 2019. - N. 9.- P. 141-156.

[5] Bradac Hojnik, B. Social Impact, Innovations, and Market Activity of Social Enterprises: Comparison of European Countries / B. Bradac Hojnik, K. Crnogaj // Sustainability. 2020.- N. 12.- P. 1-15.

[6] Gupta, P. Social entrepreneurship research: A review and future research agenda / P. Gupta, S. Chauhan, J. Paul, M.P. Jaiswal // Journal of Business Research.-2020. -Vol. 113. - N. 5. - P. 209–229.

[7] Barberá-Tomás, D. Energizing through visuals: how social entrepreneurs use emotion-symbolic work for social change / D.Barberá-Tomás, I Castelló, G.A. de Bakker Frank, Ch.Zietsma //Academy of Management Journal.- 2019. -Vol. 62.- N. 6. - P.1789–1817.

[8] Nesterenko, Yu.N. The development of social entrepreneurship in the Russian economy / Yu.N Nesterenko, A.A. Plyukhina. -M.: Creative Economy, 2017. -154 p.

[9] Притворова, Т. П. Институциональная поддержка социального предпринимательства: мировая практика и возможности для Казахстана / Т.П. Притворова, Н.Н. Гелаш-вили, Б.К. Спанова // Economics: the strategy and practice. – 2020. -№. 1. – С. 71-87.

[10] Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V ҚРЗ кодексі «Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексі» (07.07.2020 ж. өзгертулермен) [Электрондық ресурс].- 2022.- URL: <https://www.adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000375> (қаралған күні: 03.03.2024).

[11] Булхаирова, Ж.С. Молодежная безработица в сельской местности / Ж.С. Бул-



хаирова, Г.А. Саймагамбетова, Ж. Таскинбайқызы // Проблемы агрорынка. - 2020.- №1.- С.172-178.

[12] Қазақстанның демографиялық жылнамалығы: стат. жинақ. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс].-2023.-URL:https://www.stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=16304&period=year (қаралған күні: 05.03.2024).

[13] Қазақстан Республикасында халықтың жұмыспен қамтылуы: стат. жинақ. Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы [Электрондық ресурс].- 2023.-URL: https://www.stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=102320&period=year (қаралған күні: 05.03.2024).

[14] Гиззатова, А.И. Трудовые ресурсы казахстанского села / А.И. Гиззатова, С.М. Есенғалиева, О.В. Черемухина // Проблемы агрорынка.-2023.- №3.-С.169-178. https://www.doi.org/10.46666/2023-3.2708-9991.17

[15] Абдильдинова, Н.Е. Совершенствование государственного регулирования аграрного рынка труда (на примере Акмолинской области) / Н.Е. Абдильдинова // Экономика: стратегия и практика. – 2019. – Т. 14.- №2. – С. 97-107.

[16] Бауэр, М.Ш. Социальное предпринимательство в аграрном секторе: зарубежный и казахстанский опыт / М.Ш. Бауэр, Ф.А. Шуленбаева, А.Б. Темирова // Проблемы агрорынка. -2019.-№4.- С.26-33.

[17] «Äleumettik käsipkerlik subektileriniñ tızılımın bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ұлттық экономика министрлігінің бұйрығы 1 ақпан 2024 жылы №31 [Электрондық ресурс].-2024.-URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/601692?lang=ru (қаралған күні: 05.03.2024).

[18] Bansal, S. Social entrepreneurship as a path for social change and driver of sustainable development: A systematic review and research agenda / S. Bansal, I. Garg, G.D. Sharma // Sustainability. -2019.- N. 11.- 1091.

## References

[1] Taspenova, G.A. & Malgaraeva, Zh.K. (2019). Rynok truda Kazahstana: problemy, statistika [Kazakhstan's labor market: problems, statistics]. *Izvestija NAN RK - Reports of NAS RK*, (2), 225-231 [in Russian].

[2] Nikulina, I. Ju. (2018). Rol' social'nogo predprinimatel'stva v social'no-jekonomicheskom razvitii territorii [The role of social entrepreneurship in socio-economic development of the territory]. *Vestnik jekspertnogo soveta - Bulletin of the Expert Council*, (4), 36-43 [in Russian].

[3] Saebi, T., Foss, N.J. & Linder, S. (2019). Social Entrepreneurship Research: Past Achievements and Future Promises. *Journal of Management*, 45(1), 70–95 [in English].

[4] Social Entrepreneurship and Economic Development: A Macro-Level Perspective. *Journal Social Business*, (9), 141-156 [in English].

[5] Bradac Hojnik, B. & Crnogaj, K. (2020). Social Impact, Innovations, and Market Activity of Social Enterprises: Comparison of European Countries. *Sustainability*, 12, 1-15 [in English].

[6] Gupta, P., Chauhan, S., Paul, J. & Jaiswal, M.P. (2020). Social entrepreneurship research: A review and future research agenda. *Journal of Business Research*, 113(5), 209–229 [in English].

[7] Barberá-Tomás, D., Castelló, I., Frank G.A. de Bakker & Zietsma, Ch. (2019). Energizing through visuals: how social entrepreneurs use emotion-symbolic work for social change. *Academy of Management Journal*, 62(6), 1789–1817 [in English].

[8] Nesterenko, Yu.N. & Plyukhina, A.A. (2017). The development of social entrepreneurship in the Russian economy. *M.: Creative Economy*, 154 [in English].

[9] Pritvorova, T.P., Gelashvili, N.N. & Spasnova, B.K. (2020). Institucional'naja podderzhka social'nogo predprinimatel'stva: mirovaja praktika i vozmozhnosti dlja Kazahstana. *Economics: the strategy and practice*, 1, 71-87 [in Russian].

[10] Qazaqstan Respublikasynyñ 2015 jylğy 29 qazandağy №375-V QRZ kodeksi «Qazaqstan Respublikasynyñ Käsipkerlik kodeksi» (07.07.2020 j. özgertermen) (2023). Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000375 (date of access: 03.03.2024) [in Kazakh].

[11] Bulhairova, Zh.S., Sajmagambetova, G.A. & Taskinbajkyzy, Zh. (2020). Molodezhnaja bezrabotica v sel'skoj mestnosti [Youth unemployment in rural areas]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, (1), 172-178. [in Russian].

[12] Qazaqstannyñ demografialyq jylnamalyğy: stat. jinaq. Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau және reformalar agenttiğı Ұлттық статистика бюросы (2023). Available at: https://stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=16304&period=year (date of access: 05.03.2024) [in Kazakh].

[13] Qazaqstan Respublikasynda halyqtyñ jümyspen qamtylyu: stat. jinaq. Qazaqstan Respublikasy strategialyq josparlau және reformalar agenttiğı Ұлттық статистика бюросы (2023). Available at: https://stat.gov.kz/publication/collections/?year=&name=102320&period=year (date of access: 05.03.2024) [in Kazakh].

[14] Gizzatova, A.I., Yessengaliyeva, S.M. & Cheremukhina, O.V. (2023). Trudovye resursy kazahstanskogo sela [Labor resources of Kazakhstani villages]. *Problemy agrorynka – Prob-*

lems of AgriMarket, (3), 169-178. Available at: <https://doi.org/10.46666/2023-3.2708-9991.17> [in Russian].

[15] Abdildinova, N.E. (2019). Sovershenstvovanie gosudarstvennogo regulirovaniya agrarnogo rynka truda (na primere Akmolinskoy oblasti) [Perfection of the state regulation of the agricultural labor market (on the example of the Ak-mola region)]. *Economics: the strategy and practice*, (4), 26-33 [in Russian].

[16] Bauer, M.S., Shulenbaeva, F.A. & Temirova, A.B. (2019). Formirovanie ponjatija Social'noe predprinimatel'stvo v agrarnom sektore: zarubezhnyj i kazhastanskij opyt [Social entre-

preneurship in agricultural sector: foreign and kazakhstani experience]. *Problemy agrorynka - Problems of AgriMarket*, (1), 32-37 [In Kazakh].

[17] «Äleumettik käsipkerlik subektleriniñ tızılımın bekitu turaly» Qazaqstan Respublikasy Ülttyq ekonomika ministrliginiñ büiryğy 1 aqpan 2024 jyly №31. Available at: <https://www.gov.kz/memleket/entities/economy/documents/details/601692?lang=ru>

[18] Bansal, S., Garg, I. & Sharma, G.D. (2019). Social entrepreneurship as a path for social change and driver of sustainable development: A systematic review and research agenda. *Sustainability*, 11, 1091 [in English].

#### Авторлар туралы ақпарат:

Абдильдинова Найля Ермухановна - негізгі автор; Ph.D докторы; Экономика жоғары мектебінің доценті; Астана халықаралық университеті; 010000 Қабанбай батыр даңғ., 8, Астана қ., Қазақстан; e-mail: [nailya\\_abdildinova@mail.ru](mailto:nailya_abdildinova@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-6486-3281>

#### Information about author:

Abdildinova Nailya Ermukhanovna - The main author; Ph.D; Associate Professor of the Higher School of Economics; Astana International University; 010000 Kabanbai Batyr Ave., 8, Astana, Kazakhstan; e-mail: [nailya\\_abdildinova@mail.ru](mailto:nailya_abdildinova@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-6486-3281>

#### Информация об авторе:

Абдильдинова Найля Ермухановна – основной автор; доктор Ph.D; доцент Высшей школы экономики; Международный университет Астана; 010000 пр. Кabanбай батыра, 8, г.Астана, Казахстан; e-mail: [nailya\\_abdildinova@mail.ru](mailto:nailya_abdildinova@mail.ru); <https://orcid.org/0000-0002-6486-3281>